KAZREF II – Шоқпар жел электр станциясы

Ел: ҚАЗАҚСТАН
Жобаның нөмірі: 52946
Коммерциялық сектор: Energy Eurasia MEA
Хабарлау түрі: ЖЕКЕ
Экологиялық санаты: IESE
Бекітілуі жоспарланған күн:
Мәртебесі: Тұжырымдама қаралды
Жобаның түйіндемесі ашылған күн: 11 қарашасы, 2022

Жобаның сипаттамасы

«Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС-ына Жамбыл облысының Сарысу ауданында орналасқан белгіленген қуаты 100 МВт жел электр станциясын әзірлеуге, салуға және пайдалануға 50 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (АҚШ долларымен және/немесе теңгедегі балама сомасымен) бірінші кезек кредитін ұсыну.

Жобаның міндеттері

Жоба шеңберінде энергетика құрылымындағы жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру мақсатына қол жеткізуде Қазақстанға қолдау көрсетілетін болады, Қазақстанның көміртекті пайдалануын төмендетуге үлес қосылады және электр энергиясына елде өсіп отырған сұраныс қанағаттандырылады.

Өту процесіне әсері

ETI 70
Өту процесіне әсері экологиялылықпен және инклюзивтілікпен шартталады:
Экологиялылық – жоба бойынша Қазақстандағы энергия өндіру бейініне 100 МВт ЖЭК қуатын қосу көзделеді.
Инклюзивтілік – жоба гендерлік интеграцияға және Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздері секторында әйелдердің жұмысқа тұру және кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндіктеріне қолжетімділігін кеңейтуге ықпал етеді.

Клиент туралы ақпарат

«ШОҚПАР ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ» ЖШС
«Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС – Қазақстан Республикасында жобаны іске асыру үшін тіркелген арнайы мақсаттағы ұйым, қарыз алушы ретінде болып табылады.

Қарыз алушы “China Power International Holding Ltd.» (63%) және «Visor International DMCC» (37%) компанияларына бірлесіп тиесілі болады. «China Power International Holding Ltd.» - «State Power Investment Corporation Limited»-ке 100% тиесілі қытайлық мемлекеттік энергетикалық компания. «Visor International DMCC» - қазақстандық инвестициялық банкирлер тобы негізін қалаған жеке инвестициялық холдинг.

ЕҚДБ-ның қаржылық ақпары

50 000 000,00 АҚШ доллары

«Шоқпар жел электр станциясы» ЖШС үшін 50 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (АҚШ долларымен және/немесе теңгедегі балама сомасымен) бірінші кезек кредиті. ЕҚДБ қаржыландыруына 10 миллион АҚШ долларына дейін сомада CTF және/немесе GCF кредиті және 40 миллион АҚШ доллары сомасында IFI/DFI тағы бір кредиті қоса беріледі деп күтіледі.

Жобаның жалпы құны

135 600 000,00 АҚШ доллары

135,6 млн. АҚШ доллары.

Экологиялық және әлеуметтік ақпар

В санатына жатады. Жоба Оңтүстік Қазақстанда, Жамбыл облысының Сарысу ауданында орналасқан Жаңатас жел электр станциясының (OpID: 50569) жалғасы болып табылады. Жаңа жобаның шеңберінде сол жерде акционерлерге тиесілі көршілес жер учаскесінде қосымша 22 турбина (100 МВт) салу көзделетін болады және сол инфрақұрылымның көп бөлігі, соның ішінде Тіректік қосалқы станция ұзындығы 7,6 к құрайтын 220 кВ-тық электр беру желісі арқылы пайдаланылады. Бұрыннан бар жел электр станциясын кеңейтумен байланысты жалпы экологиялық және әлеуметтік проблемалар нақты объектіге байланысты және Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеріс (ЭжӘКТ) негізінде оңай бағаланады және олардың салдарын Экологиялық және әлеуметтік іс-қимыл жоспарын (ЭӘІЖ) ендіру және әлеуметтік-экологиялық салаға келтірілетін айқындалған әсерлерді жоюға арналған қисынды басқарушылық ресурстар ұсыну көмегімен жұмсартуға болады. Жоба GET тәсілдемесіне сәйкес келеді және Парижбен келісілген.

Ағымдағы операцияларды және алдыңғы ЭӘІЖ ендірудің мәртебесін шолу үшін тәуелсіз ЭжӘКТ өткізілді. Жаңа экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеріс жиынтық әсер етуді және жоғары вольтті желілерге қосуға арналған көмекші объектілерді ескере отырып, объектінің ұсынылып отырған параметрлері мен байланысқан экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді талдауды қамтыды. Объектінің орналасқан жеріне және оның сезімталдығына, әсіресе құстың, жарқанаттың және өсімдік әлемінің бар болуы тұрғысынан ерекше назар аударылды, бұл биоалуандылықты, сонымен қатар жердің жел турбиналары мен байланысты инфрақұрылым (электр беру желісі және жол) үшін сатылып алынуы мен пайдаланылуына мұқият базалық талдау жүргізуді қажет етті.

ЭжӘКТ тексерісіне сол сияқты жобаның жеткізілімдер тізбегінің механизмдерін әлеуметтік талдау мен шолу да кірді. Ағымдағы операцияларға және болжанып отырған кеңейтуге жасалған шолу ЖЭС телімі сезімтал реципиенттерге жақын орналаспағанын растады, ал ЭжӘКТ жобаның флора мен фаунаға әсері шектеулі болатынын және мекендеу ортасында орналаспағанын немесе оған ықпал етпейтінін растады.

Сонымен қатар мониторинг деректеріне де шолу жасалды (құрылыстан кейін авифаунаны зерттеуді қоса) және турбиналар мен электр беру желілерінің тогына соқтығу және/немесе одан зардап шегу тәуекелі, егер жобаға электр тогына соқтығу және/немесе одан зардап шегу салдарын жұмсарту шаралары енгізілетін болса, өте елеулі болмауы ықтимал екенін ЭжӘКТ растады. Олар 1-фазаға кіреді және кеңейту бағдарламасына енгізілетін болады.

Сонымен қатар халыққа және оның кірістеріне әсерлері талданып, олардың негізінен құрылыс кезінде трафиктің артуымен және елеусіз деп саналатын кейбір визуалды әсерлермен байланысты екені анықталды. Әлеуметтік аспект, еңбек және құрылыс пен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талданып, бас мердігерге оның институционалдық әлеуетін Жобаның іске асырылуына қойылатын Банк талаптарына (PR) сәйкес Жобаның құрылысын салу және оны пайдалану кезеңдерінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару үшін нығайту мақсатында бірқатар ұсынымдар берілді.

Бұдан басқа, жел турбиналарын «Envision» компаниясы (Өнім беруші) құрастыратын Ішкі Моңғолия, Қытай өңірлеріндегі таңдалып алынған өндірістік объектіде еңбек жағдайлары мен еңбек тәуекелдерін бағалау үшін жоба бойынша жеткізілімдер тізбегін кеңейтілген түрде тексерудің шеңберінде еңбекке сыртқы аудит жүргізілетін болады. Еңбек аудитіне қосымша, кәсіпорын деңгейінде негізгі өнім берушілердің тәуекелдерін талдау жүргізіледі, бұл өнім берушінің ықтималды еңбек проблемалары мен тәуекелдерін, соның ішінде балалар еңбегі проблемаларын, мәжбүрлі еңбек проблемаларын, жұмыскерлерге зиян келтіру тәуекелін және басқа да еңбек жағдайларын зерделеуге мүмкіндік береді. Еңбек аудитінің және өнім берушілердің тәуекелдерін тексерудің нәтижелері өнім берушілерді басқару және жоба бойынша қадағалау жүйесін жақсарту бойынша түзету іс-әрекеттерін қабылдауға негіз болады және өздерінің жеткізілімдер тізбектерінде мәжбүрлі еңбек пен балалар еңбегін болдырмау бойынша Компания мен Өнім берушінің міндеттемелерімен толықтырылған жобаның ӘӘІЖ-сына енгізіледі.

Бұрыннан бар ӘӘІЖ жаңартылды және ол жоғарыда аталған жұмсарту шараларына қосымша, Қоршаған ортаны, денсаулықты және еңбекті қорғауды (ҚОДЕҚ) басқару жүйесін жетілдіру, өнім берушілердің қызметін және жеткізілімдер тізбегін басқару, құрылыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары және шағымдарды қарау механизмі, биоалуандылықты қорғау шаралары сияқты және т.б. іс-әрекеттерді

қамтиды. ЭӘІЖ талаптарын іске асыру шеңберінде Компания өзінің қоғамдастықты дамытуға және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына, соның ішінде жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымға және жоба туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған қоғамдық бағдарламасын ендіруін және кеңейтуін жалғастыратын болады. ЭӘІЖ оған қол қойылғанға дейін Клиентпен келісіледі.

Жалпы алғанда, ЭжӘКТ Компанияның Банк талаптарына сәйкес экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйесін әзірлеуі қажет екендігін растады және ол бұны ЭӘІЖ мен Кредиттік келісімде бар жан-жақты қамтылған ұсынымдар көмегімен атқаратын болады.

ЭжӘКТ негізінде нақты объект бойынша Техникалық емес түйіндеме (NTS), Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары (SEP) әзірленді және клиентпен келісілді.

Техникалық және әлеуметтік ынтымақтастық

жатпайды

Қосымша ақпарат

ЕҚДБ Қазақстанның коммерциялық нарығында, әсіресе жобаны қаржыландырудың осындай тектес құрылымдалған операциялары үшін қолжетімді болуы неғайбіл өтеу мерзімі бар ұзақмерзімді кредит ұсынады. Қазіргі мән-жайларда жергілікті валютамен ұзақмерзімді қаржыландыру әрқашан да қолжетімді емес. Бұдан басқа, ЕҚДБ-ның еліміздегі бұдан бұрынғы қызметінің жақсы нәтижелері демеушінің үміттерін қамтамасыз етіп, оның қазақстандық нарыққа шығуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Банк жергілікті талаптардан анағұрлым қатаң болып табылатын ҚОДЕҚ аспектілері мен Жобаны іске асыруға қойылатын ЕҚДБ талаптары сақталуын талап етеді. Жоба шеңберінде Банк жаңартылатын энергия көздері сектарында интеграция мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған саясатты сақтайды және нормативтік-құқықтық қызметті жүзеге асырады.

Компанияның байланыстық ақпараты

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жаңатас, Сарысы 1 мөлтек ауданы, 2-4.
Тел.:+7 727 355 88 44 Факс: +7 727 355 88 33
Электрондық пошта: visor@visor.kz
Ернұр Жиенбаев +7 777 353 50 81

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168
Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794
Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (ІАТ) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭӘС пен ІАТ-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді7

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭӘС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді; Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа қолжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.